

Кесте 11 – Алмасу катиондары құрамына және реагент түріне байланысты тұрақталу коэффициентінің K_c және иілгішті тұтқырлық η_{\min} өзгерісі

Саздар және оларды өңдеудің түрлері	$K_c \cdot 10^{-3},$ c^{-1}	$\eta_{\min},$ мПа·с
Аскан сазы + 5% ССБ	2,2	5,5
Na-саз + 5% ССБ	0,5	6,0
Саз + 10% КСР	0,3	6,2
Na-саз + 10% КСР	0,1	6,1
Саз + 2% КМЦ (кебу)	0,1	5,0
Na-саз + 2% КМЦ (кебу)	0,1	5,1
Часовьяр сазы + 5% ССБ	0,9	7,8
Na-саз + 5% ССБ	2,2	6,0
Саз + 10% КСР	2,9	6,2
Na-саз + 10% КСР	0,5	6,0
Саз + 2% КМЦ (кебу)	0,3	5,3
Na-саз + 2% КМЦ (кебу)	0,2	5,4
Хабль сазы + 5% ССБ	1,5	8,2
Na-саз + 5% ССБ	1,7	6,2
Саз + 10% КСР	0,8	10,2
Na-саз + 10% КСР	0,3	5,8
Саз + 2% КМЦ (кебу)	0,5	6,2
Na-саз + 2% КМЦ (кебу)	0,5	6,2

K_c -тің алмасатын катион құрамы және тұрақтандырушы реагент түрімен байланысы

11-ші кестеден көретініміз, Аскан сазы кальцийлік болғандықтан КСР-ке қарағанда ССБ-пен жақсырақ тұрақталады. Часовьяр сазында да кальций ионы басымырақ болғандықтан нәтижелері де ұқсас. Хабль сазы натрийлі болғандықтан ССБ-ға қарағанда КСР-пен жақсы өңделеді, K_c төмендеуі тұрақтандырудың артқанын көрсетеді.

Көп бұрғылау ерітінділерінде рН сілтілік аймақта жатады, әдетте ол 8,5-9-дан жоғары. Бұл кауст кальцинирленген содамен және басқа да реагенттердің гидролитикалық сілтімен әсер ету арқылы жүзеге асады.

КСР дайындаудың жиі тараған жолы тікелей қоңыр көмір мен сілтіні бұрғылау қондырғысында араластыру. Ұнтақ тәрізді реагентті қоңыр көмірді (немесе қоңыр көмірден таулы шайырды экстракциялау) 40-45% каустикпен аз уақыт араластыру арқылы алады. 30% және одан да артық жоғары ылғалдылыққа қарамастан көмірдің кеуектілігіне байланысты дайын өнім кебу әрі түрі түйіршікті.

Реагентті дайындау үшін массаны қарқынды және ұзақ қыздырып, нәтижесінде қосылатын сілті бейтараптанады. Экзотермиялық реакция қапшықтағы реагенттерді 120-130°C дейін қыздырып, соған сәйкес айдаудың газтәрізді өнімдер бөлінеді. Бұл КСР-тің вагондарда өздігінен жануының